

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына банк клиентінің банк шоты нөмірінің және банктік сәйкестендіру кодының жаңа құрылымына көшу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2009 жылғы 25 қыркүйектегі N 91 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 11 қарашада Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5852 болып енгізілді

Қолданушылардың назарына!!!

Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.

Қазақстан Республикасының төлем жүйелерінің банк клиентінің халықаралық стандарттарға негізделген банк шоты нөмірінің және банктік сәйкестендіру кодының жаңа құрылымын пайдалануға тиімді көшуді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына банк клиентінің банк шоты нөмірінің және банктік сәйкестендіру кодының жаңа құрылымына көшу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

2. Осы қаулы осы қаулыға қосымшаның 2010 жылғы 7 маусымнан бастап қолданысқа енгізілетін 1 және 2-тармақтарын қоспағанда, 2009 жылғы 2 қарашадан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төлем жүйелері департаменті (Мұсаев Р . Н .) :

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен (Сизова С.И.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қабылдасын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына және өкілдігіне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігіне, банктерге, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне жіберсін.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұйымдастыру жұмысы, сыртқы және қоғамдық байланыстар департаменті (Терентьев А.Л.) Төлем жүйелері департаментінен жариялауға өтінімді алғаннан кейін үш күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Б.А. Әлжановқа жүктелсін.

№ 91 қаулысына қосымша

Техникалық проблемалардың туындауына байланысты осындай электрондық байланыс арналары арқылы корреспонденттік шоттың ашылғаны туралы хабарлауға мүмкін болмаған кезде хабарлама қағазға басылып салық төлеуші орналасқан (тұратын

) жер бойынша салық органына үш жұмыс күні ішінде жіберіледі."; 2 және 4-тармақтарда "2009 жылғы 2 қарашадан бастап" деген сөздер және цифрлар "2010 жылғы 7 маусымнан бастап" деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын; 3-тармақтың 1) тармақшасында екінші және үшінші абзацтарында "2009 жылғы 2 қарашаға" деген сөздер және цифрлар "2010 жылғы 7 маусымға" деген сөздермен және цифрлармен ауыстырылсын.